


**Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебі «Ізгілік» пән бірлестігінің
04.12-15.12.2023 ж аралығында өткізілетін онкүндіктің іс-шара жоспары**

Қ/С	Іс-шараның тақырыбы	Сыныбы / Қатысушылар	Өтілетін мерзімі	Жауапты
1.	Апталықтың ашылуы	5-11	04.12.2023 08:30	Бірлестік жетекшісі, пән мұғалімдері
2.	«Кәусар бұлақ» өлең, эссе, мақала, әңгіме жазу байқауы	5-11	04.12- 15.12.2023	Пән мұғалімдері
3.	«Adjectives: Personality» ашық сабақ	8 А	04.12.2023	А.Ұлықбек
4.	«Ш.Құдайбердіұлы "Еңлік-Кебек" дастаны» ашық сабақ.	8 А	05.12.2023	П.Жунисова
5.	«Балалық шақ» ашық сабақ	5 А	06.12.2023	Ұ.Шұлғаубаев
6.	«Жас мамандардың педагогикалық кәсіптік шеберлігін арттыру» (Жас мамандарға әдістемелік коучинг)	Жас мамандар	06.12.2023	П.Жунисова
7.	«Менде бәрі бар» Сыныптан тыс іс шара	5 А	07.12.2023	Ұ.Шұлғаубаев
8.	С.Н.Назарова – казахстанская писательница, поэт, прозаик. Рассказ «Мой зеленоглазый аруах». Бессоюзное сложное предложение Ашық сабақ	11 А	07.12.2023	А.Абдукаликов
9.	«Чудеса света – культурное наследие человечества» ашық сабақ	6 А	07.12.2023	Ж.Мелдехан
10.	Бұқар Қалқаманұлы 335жыл. "Даланың дара данасы" сыныптан тыс іс шара	6,8,9 сыныптар	07.12.2023	П.Жунисова
11.	«Happy Independence day of the republic of Kazakhstan!» Сыныптан тыс іс шара.	3,5,8 сыныптар	08.12.2023	Г.Баймаханов
12.	«Абай Құнанбайұлының жетінші қара сөзі» ашық сабақ	6 Ә	08.12.2023	Г.Уткельбаева
13.	«Мұқағали әндері» сайысы Сыныптан тыс іс шара	5 Б	11.12.2023	А.Идрисов
14.	«Мұғалім мектеп жүрегі, көңілді жүрсін үнемі» тренинг	мұғалімдер	11.12.2023	А.Ұлықбек

15.	«Алашка аты мәлім Мәшһүр Жүсіп» Сыныптан тыс жұмыс	10 А	12.12.2023	Г. Уткельбаева
16.	Ж.Жабаев.«Ай,Сүйінбай,Сүйінбай» Ашық сабақ	7 А	12.12.2023	О.Досхожаева
17.	«Қыпшақ Сейткүл» кәсіпкерлік әліппесі ашық сабақ	5 Б	12.12.2023	А.Идрисов
18.	«На земле очень много профессий» ашық сабақ	5 Б	13.12.2023	А.Джаулбаева
19.	«Читаем Есенина вместе» Сыныптан тыс іс шара	9-10 сыныптар	13.12.2023	Ж.Мелдехан
20.	Ұлы Отан соғысының ержүрек партизан-жазушысы Қ.Қайсеновтың туғанына 105 жыл Сыныптан тыс іс шара	7,9 сыныптар	13.12.2023	О.Досхожаева.
21.	«The clever boys and girls» Сыныптан тыс іс шара	10 А	14.12.2023	А. Ұлықбек
22.	«Enjoy train» Сыныптан тыс іс шара	6 А, 6 Ә, 6 Б	14.12.2023	А.Джаулбаева
23.	«Педагогтарды марапаттау» тақырыбында коучинг.	мұғалімдер	15.12.2023	Г.Баймаханова
24.	Аптаның жабылу салтанаты, қорытындысы	5-11	15.12.2023	Бірлестік мүшелері

«Ізгілік» пән бірлестігінің жетекшісі:  А.Ұлықбек

БЕКІТЕМІН:


Мектеп директоры:



15 қаңтар 2024 ж.

Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебі «Ізгілік» пән бірлестігінің өткізілетін онкүндіктің іс-шара жоспарының жалғасы

К/С	Іс-шараның тақырыбы	Сыныбы / Қатысушылар	Өтілетін мерзімі	Жауапты
1	«Искусство звука» ашық сабақ	5 Б	15.01.2024ж.	Джаулбаева А.
2	Шебер сынып "«Пәндер бойынша оқушылардың шығармашылық белсенділіктерін қалыптастыру және дамыту»	мұғалімдер	16.01.2024ж.	Мелдехан Ж.
3	«Language Focus. Countable and uncountable nouns. p.61» ашық сабақ	6 А	16.01.2024ж.	Джаулбаева А.
4	"Знакомый незнакомый мир природы" ашық сабақ	8 А	18.01.2024ж.	Мелдехан Ж.
5	«The clever boys and girls» Сыныптан тыс іс-шара	10 А	17.01.2024ж.	Ұлықбек А.
6	«Capabilities of the human brain» ашық сабақ	10 А	18.01.2024 ж.	Ұлықбек А.
7	«Enjoy train» сыныптан тыс іс-шара	6 сыныптар	19.01.2024ж.	Джаулбаева А.

«Ізгілік» пән бірлестігінің жетекшісі:  А.Ұлықбек

Арыс қаласының білім бөліміне қарасты «Ж.Ташенов атындағы жалпы
білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**«Ізгілік» пәні бірлестігінің
04-15.12.2023жыл аралығында
өткізілген онкүндігі туралы
МӘЛІМЕТ**

**Бірлестік жетекшісі: Ұлықбек Ақнұр
Орынбасарқызы**

2023-2024 оқу жылы

Мәлімет

Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 4-15 желтоқсан аралығында «Ізгілік» пән бірлестігінің онкүндігі өткізілді.

Онкүндік барысында атқарылатын іс-шаралар жоспарланып, бекітілді.

Желтоқсан айының 4-15 аралығында «Ізгілік» пән бірлестігінің онкүндігі болып өтті. Онкүндіктің алғашқы күні «Қазақ болмысы- ұлттық киімде» тақырыбында ұлттық киім кию күні болды. Онкүндік барысында ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар өз деңгейінде өткізілді. Онкүндік барысында үздік қатысқан оқушылар мен сыныптар алғыс хатпен марапатталды.

Биылғы оқу жылының тағы бір ерекшелігі мектепте «КітапLike» жобасы іске қосылып, 80-ге жуық оқушы кітап оқудан бақ сынасты. Қазақ айында бірінші кезені, желтоқсан айында екінші кезені болды. Осы жобаға қатысқан оқушылар кітап оқуға қызығушылығы арта бастағаны байқалды. Жобаға «Ізгілік» пән бірлестігінің мұғалімдері атсалысып, П.Жунисова «Ойзерек» тобының жетекшісі, Г.Уткельбаева «Бала би» тобының жетекшісі болды. Аталған жоба оқушылардың телефонға тәуелділігін азайтып, бос уақытын тиімді пайдалануға, әдеби кітап оқуына ұйытқы болды. Ал О.Досхожаева мен Ұ.Шұлғаубаева қазылар алқасының құрамында оқушылардың кітап оқу барысында алған білімі мен білігін анықтауда өз үлестерін қосты.

Онкүндіктің ашылуында оқушылар орыс акын жазушыларының өлеңдерін жатқа айтып тілдерін шындады. Әр күн жоспарланған жоспар бойынша жұмыс түрлері жүргізілді. Пән мұғалімдері өз жұмыстарын сауатты, білікті құрып, оны іске асыра білді. Олар оқушылардың деңгейлеріне байланысты іс-шара ұйымдастырып, кеңес бағыт- бағдар беруге тырысты. «Красота русской природы» және «В мире сказок» атты сурет көрмесі 2- 5 сыныптар аралығында өткізілді. Оқушылар өте үлкен қызығушылықпен, ізденушілік танытты.

Сабақтар жан-жақты ұйымдастырылған. Әдістемелік тұрғыда жаңа әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Интерактивті тақтамен, электронды оқулықтарды кеңінен қолданды. Өткізілген сабақтар барысында оқушы толымдық, ізденушілік, шығармашылық қабілеттерін арттырды. Апталық папкасы жинақталып талдау жүргізілді. Қорыта келе, орыс тілі мен әдебиеті пәні онкүндікте оқушылардың жан-жақты дамуына үлес қосып, орыс тіліне деген көзқарасы мен қызығушылығын арттырды деген ойдамыз.

Алғашқы күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Ұлықбек Ақнұр Орынбасарқызы 8”А” сыныбына “Adjectives: Personality” тақырыбында ашық сабақ өтті.

Сабақ барысында Canva, WordWall, YouTube сайттарымен жұмыс жасалды. Оқушылар топтық, жеке жұмыстар жасады. Back to the board, First to four, Students (assessment), matching әдістері қолданды. Нәтижесінде оқушылар осы әдістерді қолдана отырып, адамдарды сипаттайтын сын есімдермен танысып, тілді білуге құлшынысы артты.

Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Жунисова Перизат 8”А” сыныбына Шәкәрім Құдайбердіұлының

«Еңлік- Кебек» дастаны тақырыбында 05.12.2023 күні ашық сабақ өтті.

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары : көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану, шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру.

Сабақтың басында үй тапсырмасын тексеру мен төрт топқа бөлу жасалды.

Сабақ барысында “Кейіпкермен кездесу” әдісімен оқушылардың қызығушылығын оятып алды. Әрімен қарай топтық жұмыс орын алды, жұптық жұмыс Ақ қалпақ – «Суреттерді сөйлет» әдісі бойынша жасалды. Жеке жұмыс жасау барысында карточкалар тарқатылды. РАФТ әдісімен сабақты қорытындылады.

Нәтижесінде оқушылар жоғарыдағы әдістерді қолдана отырып, Шәкәрім Құдайбердіұлының

«Еңлік- Кебек» дастанының үзінділері бойынша өз көзқарастарын дәлелімен толық жеткізе алды, кейіпкерлерді, олардың іс-әрекеттерін кең көлемде сипаттай алды. Ашық сабақ жоғары деңгейде өтті. 06.12 күні қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Шылғаубаева Ұлмекен 5 «А» сыныбына «Балалық шақ» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы бойынша оқушылар деңгейге байланысты 3 топқа бөлінген (қызыл, көк, жасыл)

Тақырыпты аша түсу үшін түрлі сұрақтар қойылды: Ғыңдалым; оқылым; жазылым; айтылым дағдылары қамтылып, берілген тапсырмалар талабына сай орындалды.

ЭТН бойынша күрделі сөздер өтілді. Күрделі сөздің ережесі айтылып, түрлері нақтыланды, мысалдар келтірілді. Тақтаға күрделі сөздердің түрлеріне мысалдар ілінді, түсіндірілді. Келесі 3 деңгейлі тапсырма ұсынылды.

Қызыл тобына күрделі сөздерді құрастыру және дәптерге көшіру беріледі. Көк тобына берілген сөздерге сөйлем құрауы керек. Жасыл тобына мәтіннен жұрнақ арқылы жасалған сөздерді теріп жазып, морфологиялық талдау жасайды. (жоспарладым, барамын, аламын, үнемделеді) және мәтіндегі күрделі сөздерді табу беріледі.

Тапсырма орындалғаннан соң тексерілді, бағаланды.

Сабақты қорытындылап, үйге тапсырма берілді, оқушылар бағаланды.

Сондай-ақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шұлғаубаева Ұлмекен Аханқызының ұйымдастыруымен 07.12.2023 жыл 5 «А» сыныбында «Менде бәрі бар» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс болып өтті.

Іс-шара мақсаты:

1. Қанағатшыл болуға, өз жағдайын бағамдай білуге баулу
2. Эстетикалық, патриоттық тәрбие беру

Іс-шара шарты:

1. Оқушыларды түгел қамту
2. Іс-шараға ата-аналардың қатысуы керек

1. Іс-шара жоспары бойынша жиналған қауымға іс-шара мақсаты мен жоспары таныстырылды.

«Дені саудың-жаны сау» айдарында қыз бала мен ұл баланың гигиенасы туралы ақпарат берілді. «Білімді мыңды жығар» айдарында «Асан Қайғының Желмаяға мініп, ел аралауы» аңызы бойынша қазақ жерлерін картадан белгілеу талап етілді. Бұл танымдық міндетті 11 сынып оқушысы Қадыр М. жүргізді.

2. «Зерделі» айдарында оқушылардың орфоэпия, орфография бойынша сауаттылығы бағамдалды. Қоғамда жиі қолданылатын сөздердің айтылуы мен жазылуы таныстырылды (фотоаппарат, ок, Iphone, Chat GPT, PR). Сонымен бірге, бүгінгі таңда өзекті болып тұрған балалар қауіпсіздігі мәселесін қозғай отырып, Халықаралық көмек сұрау белгісі (знак о помпши) көрсетіліп, маңызы түсіндірілді. Ақын, жырау Д. Бабатайұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі хормен мәнерлеп оқылды. «Тағылым» айдарымен оқушы жақсыбек Айболдың әжесі Шолпан апай тағылымы паш етілді. Жүн түрлері туралы мәлімет беру, жүнді түту, шөке жасау, жіп иіру сияқты ұлттық колөнер насихатталды. Іс-шара әнші қыздардың орындауында «Сарбаздар» әнімен тәмамдалды.

Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Идрисов Алмасхан 5"Б" сыныбына «Жырлайды жүрек» (М.Мақатаев әндері) тақырыбында 11.12.2023 күні сыныптан тыс іс-шара өтті.

Іс-шараның мақсаты: Ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау, әндері мен поэмаларымен танысу.

М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелеу.

Кештің көрнекілігі:

М. Мақатаевтың суреті мен «Жырлайды жүрек» тақырыбы, шарлар, ақынның шығармасы мен өміріне арналған көрме. Сазды музыка.

Іс-шара барысында "сұрақ-жауап" әдісі бойынша оқушылар дұрыс жауапқа сый алып жатты. Әрімен қарай қатысушылар М.Мақатаев өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтты. 7 оқушы өзара ақынның әндерін жанды дауыста орындап, сайысты. Сайысты бағалау үшін қазылар алқасы құрылды. Олар: музыка пәні мұғалімі Абдрахманов Болатбек, ағылшын және орыс тілдері пәні мұғалімі Джаулбаева Алтынгүл, "Ізгілік" пәні бірлестігінің жетекшісі Ұлықбек Ақнұр.

Сайыс барысында 3 жеңімпаз анықталды:

I орын - Тәңірберген Кәусар

II орын - Аллаяр Адила

III орын - Мәмбетәлі Расул

Жеңімпаздар, мұғалім дайындаған, сый-сияпаттармен марапатталды.

Іс-шара жоғарғы деңгейде өтті.

Идрисов Алмасхан 5"Б" сыныбына "Қыпшақ Сейтқұл" кәсіпкерлік әліппесі тақырыбында 12.12.2023 күні ашық сабақ өтті. Сабақтың басында оқушылар мақал-мәтелдер арқылы бір-біріне көңіл-күй сыйлады, үй тапсырмасын тексеру мен үш топқа бөлу жасалды. Сабақ барысында жаңа

жырып түсіндірілді. Әрімен қарай топтық жұмыс орын алды, жұптық жұмыс жасалды. “Көк тудың желбірегені” әнімен оқушылар сергіп алды. Жеке жұмыс жасау барысында карточкалар таркатылды. Оқушылар белсенді қатысып, соныда жүрекшелерге сабақтан алған әсерін жазып, тактаға қыстырды. Нәтижесінде оқушылар жоғарыдағы әдістерді қолдана отырып, “Қыпшак Сейтқұл” кәсіпкерлік әліппесі бойынша кейіпкерлердің портретін аша алды, шығармадан алған әсерін хатқа түсіре алды. Ашық сабақ жоғары деңгейде өтті.

Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі О.Досхожаева 7 а сыныбында “Ай,Сүйінбай, Сүйінбай!” тақырыбында 12.12.2023 күні ашық сабақ өткізді.

Мақсаты: Сүйінбай Аронұлының өмірі мен өлеңдерімен танысу,мазмұны мен идеясын түсіну ,Адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттер туралы өзіндік ой-пікірін қалыптастыру, жақсы қасиеттерге, адамгершілікке баулу.

2. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін, оқуға деген оң ынтасын, актерлік қасиеттерін дамыту,айтыс өнері туралы ұғымдарын кеңейту

3. Білімдерін шығармашылықпен қолдана білу, ойлау, сөйлеу, мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту.

4. Поэтикалық сөзге, музыкаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдер:Қима қағаздар арқылы топқа бөлінді. «Сөздер банкасы», «Топтастыру сызбасы», «ПОПС формуласы» әдістері арқылы оқушылар сабақта білімдерін толықтырды.

Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Мелдехан Жақсыгул 9-10 сыныптар арасында “Читаем Есенина вместе”тақырыбында 13.12.2023 күні сыныптан тыс іс-шара өткізді.

Мақсаты: 1. С.А.Есенин шығармашылығы туралы білімдерін кеңейту.

2. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін, оқуға деген оң ынтасын, актерлік қасиеттерін дамыту.

3. Білімдерін шығармашылықпен қолдана білу, ойлау, сөйлеу, мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту.

4. Поэтикалық сөзге, музыкаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Белсенді оқу іс-әрекеті олардың ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі, оқушылар шығармашылық және есте сақтау белгілері туралы қосымша ақпаратты есте сақтайды және бұл білімдерін орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында пайдаланады.

Қорыта келгенде, онкүндік барысында өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп, оқушыларға білім мен тәрбие беруде, танымдық өрістерін кеңейтуде үлкен септігін тигізді. Онкүндіктің соңғы күні, қорытынды бөлімінде белсене қатысқан оқушылар алғыс хаттармен марапатталып, жүлделі сыйлықтарға ие болды.

«Ізгілік» пән бірлестігінің жетекшісі:



А. Ұлықбек